Қазақстан Республикасының
әділет Министрлігі
Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуі
2019 ж. «14» 11
жүргізілді
Тіркеу нөмірі 505-1904-12 кшм
БСН 971040001348

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2018 жылғы «13» шілдедегі
№310 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

«Ақтөбе облысының білім басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің
«Ембі қызмет көрсету саласы колледжі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ереже

1. «Ембі қызмет көрсету саласы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны «Ақтөбе облысының білім басқармасы» қайта ұйымдастыру мемлекеттік мекемесінің «Ембі қызмет көрсету саласы колледжі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) мазмұны мамандықтар бойынша білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен регламенттелетін жалпы орта білім беруді,техникалық және кәсіптік білім беруді,орта білімнен кейінгі білім беруді,құқықтық түрдегі мекеме болып құрылған,заңды тұлғаның мәртебесіне ие,коммерциялық емес мекеме болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеме түрі: коммуналдық.

3. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ембі қызмет көрсету саласы колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018жылғы «13» шілде №310 қаулысымен қайта құрылды.

4. Ақтөбе облысының әкімдігі мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы болып табылады.

5. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі мекеменің тиісті саласын басқару жөніндегі уәкілетті орган болып (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) табылады. «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі мекеменің мүлкін басқару жөніндегі уәкілетті органы (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органы) болып табылады.

6. Мекеме атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ембі қызмет көрсету саласы колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: пошталық индексі 031300,Қазақстан Республикасы,Ақтөбе облысы,Мұғалжар ауданы,Ембі қаласы,Есет батыр көшесі,18А үйі.

2. Мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзіндік балансы,банктерде шоттары,Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңба бейнесі мен Мекеменің атауы бар бланкілері,мөрлері болады.

9. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды,сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды,Қазақстан Республикасы заңнамасына көзделген жағдайларды қоспағанда.

10. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді.Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік – аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық – құқықтық мәмілелері,олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін,күшіне енеді.

3. Мемлекеттік мекеменің қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мазмұны мамандықтар бойынша білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен регламенттелетін жалпы орта білім беруді, техникалық және кәсіптік білім беруді, орта білімнен кейінгі білім беруді, кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру мемлеттік мекеме қызметінің мәні болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеменің мақсаты, нақты мамандық бойынша қажетті теориялық білімі мен практикалық дағдылары бар еңбек нарығында бәсекеге кабілетті білікті мамандар даярлайды және білікті мамандар даярлау сапасын еңбек нарығы мен өндіріс салаларының талаптарын ескере отырып тұрақты жетілдіріп отырады.

14. Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін мемлекеттік мекемес мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар және қосымша кәсіби білімі бар мамандарды даярлайды;

2)оқу шеберханаларында және оқу өндірістік қызмет үдерісінде жасал шығаралатын оқу шаруашылығының өнімдерін өткізеді;

3)кадрлардың біліктілігін артыру және қайта даярлау жөнінде қызметтер көрсетеді;

4) ақылы негізде қосымша кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша қызметтер көрсетеді;

5)арнайы курстар мен пәндер,мамандандырулар бойынша қосымша сабақтар беру жөнінде қызметтер көрсетеді;

6) өз бейіні бойынша ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырады, мамандарды даярлауды және қайта даярлауды жүзеге асырады, тұрғындар арасында ғылыми-педагогикалық білімдерд таратуға, оның білімі мен мәдени деңгейінің өсуіне ықпал етеді, оқу-тәрбие беру үдерісін жетілдіру жөніндегі отандық және шетелдік озық педагогикалық тәжірибені зерделейді және енгізеді;

7) ұлттық және жалпы адамгершілік құндылықтар негізінде, ғылым мен тәжірибе жетістіктеріне бағытталған жеке адамдардың қалыптасуы мен кәсібилігіне білім алу үшін жағдайлар ұйымдастырады.

8) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны- Қазақстан Республикасын сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін кастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерг төзуге тәрбиелеу;

9) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу республиканың қоғамдық- саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатыс кажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасы калыптастыру;

10) Отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулау, қаза халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

11) демократизациялық және орталықсыздану, автономиялық дербестігін кеңейту.

12) жаңа технологияларды еңгізу, білім беру ақпараттану және халықаралық глобалдық коммуникациялар сетіне шығуын ұйымдастыру;

13) бекітелген мемлекеттік және авторлық бағдарламаларға сәйкес студенттерді оқыту және тәрбиелеуді қамсыздандыру.

14) студенттер, оқытушылар және ата-аналар арасында оқу-тәрбие процессінде шығармашылық қызметтестігін қамсыздандыру;

15) студенттердің демалыс және бос уақытың, медициналық жәрдем, психологиялық демеу, санитарлы- тұрмыстық және санитарлы-гигиеналық қызмет көрсетуін ұйымдастыру.

16) ата-аналар арасында тәрбие және оқу сұрактар бойынша консультациялар мен оқыту семинарлар өткізіледі.

17) жұмыссыз және жұмыстан босап қалған қызметкерлерді қайта оқыту және кайта даярлауды қамтамасыз ету;

18) орта кәсіптік білімі бар жұмыс істеуші мамандардың мамандығын жоғарлату;

19) жеке оқу жоспарын кәсіптік бағдарлама бойынша іске асырумен толықтыру;

20) ғылыми және тәжірибелік жетістектерімен тұлғаны қалыптастыру бағытында, даму және кәсіби қалыптасуына ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарымен сапалы кәсіптік білім алу үшін қажетті жағдай жасау;

21) қоғамда және еңбек нарқының өзгерген қажеттілігінде тез қабілетті бейімделу кәсіби білімді жаңа технологияларды пайдалана отырып, оны тиімді қолдану және енгізу;

22) кәсіби білім және өндіріс білім беру бағдарламасының интеграциясы болып табылады.

Мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

15. Мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле жергілікті атқарушы органының атынан тиісті органының немесе прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Мемлекеттік мекемені басқару

16. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекеменің құрылуы, қайта құрылуы және таратылуы туралы шешім қабылдайды;

2) мекеменің жарғысын бекітеді, өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

17. Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органы Қазақста Республикасының заңдылықтарымен бекітілген мына функцияларды жүзе асырады:

1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітеді;

2) мемлекеттік мекеменің мүлкін сақтауға бақылауды жүзеге асырады

3) Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен бекітілген басқа функцияларды жүзеге асырады.

18. Мекемені басқаруды тиісті саланың уәкілетті органы жүзе асырады.

19. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасын заңдылықтарына сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспарын бекітеді

2) мемлекеттік мекемені басқару органдарының құрылымы қалыптасу тәртібін және мерзімін анықтайды;

3) мекеменің мүлкін сақтауға бақылау жасайды;

4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттерін жә жауапкершілігін анықтайды;

5) мемлекеттік мекеменің құрылымын және штаттық саны шег бекітеді;

6) мекеменің басшысының ұсынысымен оны орынбасарь (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және босатады;

7) жылдық қаржылық есепті бекітеді;

8) уәкілетті органға мемлекеттік және жеке шаруашылық қызме нәтижесінде алынған мүлікті қайтарып алу және қайта бөлу бойынша келіс береді;

9) мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органның келісіміме мекеменің қайта құрылуы мен таратылуын жүзеге асырады;

10) Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен бекітілген басқа функцияларды жүзеге асырады.

20. Мемлекеттік мекеменің басшысы (бұдан әрі - директор) Қазақста Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын құру арқылы тиіс саланың уәкілетті органымен тағайындалады.

21. Директор дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және мекем қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасыме және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Директор мекеме қызметін жүзеге асыруда Қазақста Республикасының заңдылықтарына сәйкес:

1) мекеме мүлкінің сақталуына және қаржы-шаруашылық қызметін дербес жауап береді;

2) мемлекеттік мекеменің атынан сенімхатсыз барлық органдарда оны мүддесін білдіреді, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүл туралы» Заңы шегінде мекеме мүлкіне иелік етеді, келісім-шартта жасасады, кепілхаттар береді, банктік есеп-шоттар ашады және басқа әрекеттерді жүзеге асырады, мемлекеттік мекеменің барлық қызметкерлерін міндетті бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді.

3) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды, келісім-шарттарды бұзады, ынталандырады, Қазақстан Республикасының заңдылықтарына қайшы келетін жағдайларда шара қолданады;

4) мемлекеттік мекеменің қызметкерлерінің міндеттері мен құзырларын белгілейді;

5) мемлекеттік имекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларын қабылдауға бағытталған директордың тікелей жауапкершілігімен белгіленетін шаралар қабылдайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, осы Жарғымен және өкілетті органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Мемлекетті мекеменің мүлкін қалыптастыру тәртібі

23. Мемлекеттік мекеменің заңды тұлғаның активтері мекеме мүлкін құрайды, құны оның теңгерімінде көрсетіледі. Мемлекеттік мекеменің мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен қалыптастырылады.

24. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

25. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттің мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру салаларындағы мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ өндіретін тауарлардың (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

26. Мемлекеттік мекеменің қызметі жергілікті атқарушы органның бюджетінен қаржыландырылады.

27. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес есеп ұсынады.

28. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасының заңдылықтарында бекітілген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүргізеді.

6. Мемлекеттік мекеменің жұмыс режимі

29. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңдылықтарына қайшы келмеуі тиіс.

7. Мемлекеттік мекеменің түзету-дамыту үдерісін ұйымдастыру

30. Мемлекеттік мекеме жұмыссыз және жұмыстан босап қалған қызметкерлерді жұмысшы кадрларын даярлау мен қайта даярлауды камтамасыз ететін негізгі оқу орны болып табылады сондай – ақ жоспарға мелекеттік тапсырысқа сәйкес кәсіпорындардың ,әртүрлі меншіктегі құрылымдарын келісім–шарттарына орай азаматтардың кешкі,күндізгі,сырттай ауысымдарда өндірістен қол үзіп және қол үзбей оқуларының және жеке оқыту жолымен біліктілігін арттыратын оқу орны болып табылады.

31. Даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерге мекемеде техникалық және кәсіптік білім алу құқықтық мемлекетті кепілмен арнайы топтар құрылады. Арнайы топтарын құруда мемлекеттік мекеме (Қазақстан Республикасының арнаулы білім беру орындарының қызметтерін ұйымдастыру тәртіп ережесімен нұсқауланады).

32.Білім алушылар мен мемлекеттік мекеменің арасындағы қарым-қатынас мекеме мен білім алушы ата-анасы немесе олардың заңды өкілдері арасында жасалатын білім беру қызметтерің көрсету туралы шарт пен рәсімделеді.

33. Мемлекеттік мекеменің оқу тәрбие беру қызметі мемлекеттік білім беру стандарттары негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес асады. Мемлекеттік мекемеде даярлау мерзімі бойынша әртүрлі техникалық және кәсіптік , орта білімнен кейінгі білім және қосымша кәсіби білім беру және мамандарды қайта даярлау бағдарламалары іске асырылуы мүмкін. Оқу үдерісінің жұмыс жоспарларын және бағдарламаларын күнтізбелік кестелерін әзірлеу және бекіту мемлекеттік мекеменің қарауына жатады.

34. Кәсіп немесе мамандық бейінің ерекшелігіне байланысты жекелеген білім алушыларымен жеке дара сабақтары өткізілу мүмкін.

35. Мемлекеттік мекемеде білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу,әдістемелік жұмыс,оқытушылардың педагогикалық шеберлігін арттыру сапасын жетілдіру мақсатында оқытушылар мен басқа қызметкерлерді біріктіретін (педагогикалық және әдістемелік кеңестер мен әкімшілік кеңестер,кафедралар) құрылады.

36. Мемлекеттік мекемеде білікті мамандарды даярлау, оларды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жұмыс берушілер мен,жұмыспен камту қызметімен және азаматтардың өздерімен бірге айқындалатын кәсіптер (мамандықтар)және кәсіптер топтары бойынша жүзеге асырылады.

37. Мемлекеттік мекемеде білім беру мемлекеттік және орыс тілдерінде,сондай –ақ қажет болған ретте жалпы білім беру стандарттарына сәйкес шетел тілдерінің біреуінде жүргізіледі.

38. Үлгерімді аралық аттестаттау мен ағымдық бақылау нысаның,тәртібін және кезеңділігін мемлекеттік мекеменің оқу жоспарларымен бағдарламаларының негізінде әзірленеді және айқындалады.

39. Мемлекеттік мекемеде білім беру уақытының кезеңіне оқу жылындағы 24-38 апталық оқу сабақтары жатады. Мемлекеттік мекемеде оқу сабақтары 1қыркүйекте басталады және нақты мамандық бойынша оқу үдерісінің кестесіне сәйкес аяқталады. Білім алушылардың жекелеген санаттарына сабақтың басталуы оқу топтарының жинақталуына қарай жұмыс берушілермен жасалатын шарттың негізінде белгіленеді.

40.Барлық аудиториялық тыс оқу жұмыстарын қоса алғанда,білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі аптасына 54 сағат аспайды.Білім алушылардың міндеті аудиториялық сабақтары теориялық білім беру кезеңінде аптасына 36 сағаттан аспайды.

41.Академиялық сағаттың ұзақтығы 45 минут, бір жұп- 90 минут.Дайындықтың әрбір деңгейіндегі практиканың ұзақтығы бір аптадан бастап 2 айға дейін.Оқу жылында каникул уақытының ұзақтығы 8-11 апта,соның ішінде оқу жылының ортасына кемінде 2 апта құрайды.Оқу жылында емтихандар мен сынақтар саны оқу жоспарымен айқындалады.

42. Мемлекеттік мекемеде оқу сабақтарының мынадай түрлері белгіленеді:

сабақ, лекция, семинар, практикалық сабақ, зертханалық жұмыс, бақылау жұмысы, өз бетінше жұмыс, консультация, тәжірибе, курстық және дипломдық жобалау (курстық және дипломдық жұмыс).

43. Білім берудің күндізгі нысаны кезінде оқу топтары мамандықтар бойынша саны кемінде 25 адамнан,сырттай оқу нысанында саны кемінде 15 адамнан жасақталады,өзге қаржыларды тартқан кезде және жергілікті білім басқармасының келісім бойынша оқу топтарын білім алаушылардың аз санымен жасақтауға жол беріледі. Арнайы оқу топтары кемінде 12 адамнан толықтырылады.

44.Зертханалық жұмыстар,практикалық және семинарлық сабақтар соның ішінде дене шынықтыру бойынша және тізбесі оқу жоспарымен айқындалатын кәсіби білім берудің басқа пәндері бойынша шеберханаларда (полигондорда,шаруашылықтарда,) сабақтар өткізу кезінде оқу топтарының саны кемінде 12 адамнан тұратын кіші топтарға бөлінуі мүмкін.

45. Мемлекеттік мекемеде оқу-тәрбие үдерісін сапалы ұйымдастыруды қамтамасыз ету мақсатында даярлық курстары, оқу -өндірістік шеберханалар, оқу шаруашылықтары, оқу полигондары, кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімдері, мамандықтар топтары бойынша бөлімдер, филиалдар және басқа құрылымдық бөлімшелер құрылуы мүмкін.

46. Білім алушылардың сабақтар режимі оқытудың санитарлық-гигиеналық нормаларын сақтай отырып тиісті мемлекеттік білім беру стандарттарының негізінде мемлекеттік мекемемен айқындалады.Мекемеде оқу сабақтары жекелеген білім алушылар мен оқытудың жеке дара-шығармашылық нысандары бойынша жүргізілуі мүмкін.

47. Білім алушыларды өндіріске оқыту:

1) білім алушылар оқу жоспарлар мен бағдарламаларына сәйкес еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар алу үшін;

2) кейін өткізу мақсатында өнеркәсіп өнімдерің,халық тұтынатын тауарларды шығаруды ұйымдастыру,шеберханалар үшін құрал-саймандар мен тетіктер,кабинеттер мен зертханалар үшін көрнекі құралдар мен аспаптар жасау үшін,сондай-ақ жабдықтарды,машиналар мен тетіктерді жөндеу үшін;

3) кәсіпорындарға, ұйымдарға және тұрғындарға ақылы қосымша білім беру қызметтерін көрсету үшін теориялық оқуды өндірістік еңбекпен ұштастыра отырып, жүзеге асырылады.

48. Білім алушылардың кәсіптік тәжірибесінің базасы деп айқындалған ұйымдарда өткізіледі.Кәсіптік тәжірибенің түрлері, мерзімдері және мазмұны оқу жоспарларымен,бағдарламаларымен айқындалады. Ұйымдармен келісім бойынша шарт негізінде ұйымдастырудың күнтізбелік кестелері бекітіледі. Шарттарда мемлекеттік мекеменің, білім алушылардың және тәжірибе базасы болып табылатын ұйымдардың міндеттері айқындалады.

49. Студенттердің білімдері мен дағдылары білім беру туралы құжатта мынадай бағамен айқындалады: «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттандырарлық», «сынақ», «сынақтан өткен жоқ».Студенттердің білімдері мен шеберліктерінің сәйкестігін тексеру оқу үдерісінің аралық кезеңдерінде жүзеге асырылады. Стипендия білімді бақылаудың барлық нысандарын қоса алғанда, емтихан,білімді аралық бақылау нәтижелері бойынша «өте жақсы», «жақсы» баға алған мемлекеттік тапсырыс негізінде оқып жүрген студенттерге тағайындалады.

50. Білім алушылардың оқудан шығару, қайта алу және ауыстыру, соның ішінде мемлекеттік мекемеде бір бөлімнен екінші бөлімге және оқудың бір нысанынын екінші нысынынан мекеменін басқа оқу орынына және кері ауыстыру, академиялық демалыс беру Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігімен белгіленген Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

51. Емтихан сессиясы кезеңінде қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушылар барлық емтиханды тапсырғаннан кейін белгіленген мерзімде қайта тапсыруға құқылы, олар дәлелді себептері болған жағдайда өзгертілуі мүмкін.

52. Емтиханды қанағаттанарлықсыз тапсырған ретте емтихан алушы бір оқытушыға құрамы үш оқытушыдан тұратын комиссия құрылады, ол бұдан әрі оқыту туралы шешім қабылдайды.Емтихан екі пән және мекеме оқу бөлімінін жолдамасы бойынша ғана қайта тапсыруға рұхсат беріледі. Бір емтиханнан алған қанағаттанарлықсыз деген бағаны немесе пәндер бойынша берешегін қайта тапсыруға бір реттен артық рұхсат берілмейді.

53. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының ұсынымы бойынша қайта білім алуға қалдырылған білім алушыларға оқу тапсырмаларын орындауға лекциялар курсын тындауға және сынақтардан өтуге және емтиханды тапсыруға қажетті пәндер белгіленеді.

54. Білім алушылар мемлекеттік мекемеге берген өтінішіне сәйкес өз еркінімен,басқа оқу орнына ауысына байланысты,ДКК қорытынды анықтамасы негізінде денсаулық жағдайына байланысты,академиялық

үлгермеген кезде, егер бұған дейін тәрбиелеу сипаттында қабылданған шаралар нәтиже бермей, қасақанатәртіп бұзғанда, дәлелді себепсіз 36 сағаттан астам оқу сабақтарына қатыспағаны үшін шығарылуы мүмкін.

55.Оқудан шығару кезінде академиялық анықтама және жеке ісінде жатқан білімі туралы құжат тұпнұсқасы біріледі. Мемлекеттік мекемеден және басқа оқу орындарынан өз еркімен және денсаулығының жағдайына байланысты шығарылған адамдарды мемлекеттік мекемеге білім алуға қайта қабылдау білім алудың барлық нысаңдарына директордың бұйрығымен жүргізіледі.

Мемлекеттік мекемеден шығарылған адамдар шығарылған күнінен бастап 10 жыл ішінде қайта қабылдануға құқылы.

56..Кәмелетке толмаған білім алушылар мемлекеттік мекемеден кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссия қарағаннан кейін шығарылады.

57.Мемлекеттік мекемеге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оқуға қабылданады.

8.Ақылы қызметтер көрсету тізбесі және тәртібі

58.Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы қызмет көрсетуге құқылы. Ақылы білім беру негізгі білім беруді алмастыра алмайды.

59. Мемлекеттік мекемеге төмендегі түрлері бойынша ақылы қызмет етуге рұқсат береді:

1) қосымша оқу бағдарламаларын (балалар және жасөспірім шығармашылығының дамуы,областағы спортқа беіймділігін және қызығушылығын арттыру,мәдениет және өнер,мамандардың біліктіліктерін арттыру) өткізу негізі болып табылады;

2) қосымша пәндерді ұйымдастыра отырып, бөлек оқитындарымен пән бойынша (тәртіп және цикл тәртібі),оқудан тыс уақытта бөліп шығару;

3) бөлек оқитындарымен пән бойынша ,негізгі ғылыми тереңдетілген оқуды ұйымдастыру (тәртіп және цикл тәртібі) ;

4)әртүрлі шаралар ұйымдастыру және өткізу:спорттық жарыс,семинарлар,отырыстар ,тәрбиенушілер мен студенттер арасындағы конференциялар,педагогикалық қызметкерлер және ересек елдер,сондай-ақ жетілдіру және бөлу оқу әдістемелік әдебиеттер;

5)қосымша интернет қызметін және музыкалық аспаптарымен қолдануды қамтамасыз ету;

6) мемлекеттік мекемеде жазғы демалыста, тәрбиенушілер мен студенттерді тамақпен қамсыздандыру және әртүрлі іс-шараға қатысушылар;

7)жылу жүйесін , ток көздерін беретін жылу орталығын тоқтату;

8) кәсіби оқытуды ұйымдастыру (қайта даярлау және техникалық еңбекке қызмет ететін мамандардың біліктілігін арттыру);

9) оқу –өндірістік шеберханалар,оқу шаруашылық,оқу-тәжірибелі саласын ұйымдастыра отырып,кәсіптік өнімдерді тарату;

9. Білім беру үдерісіне қатысушылар

60. Білім алушылар,ата-аналар (және оларды ауыстыратын тұлғалар),педагог қызметкерлер, білім беру үдерісіне қатысушылар болып табылады.

61.Мемлекеттік мекемеге азаматтарды қабылдауды орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес белгілейді.

62. Мемлекеттік мекемеге Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар; Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ жалпы, жалпы орта, кәсіптік білімі бар адамдар заңнамада, халықаралық шарттарда, келісімдерде, сондай-ақ білім беру ұйымдарымен жасалған келісім-шарттарда белгіленген тәртіппен қабылданады.

63. Мемлекеттік мекемеге оқуға тұсу кезінде:

1) I,II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек-балалар үшін;

2) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғысқа қатысушылар мен мүгедектерге теңестірілген адамдар үшін;

3) ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуы айқындайтын мамандықтар бойынша ауыл (село) жастары арасынан шыққа азаматтар үшін;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайты ұлты қазақ адамдар үшін;

5) Жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалға балаларды қабылдау үшін квота көзделеді.

64. Мемлекеттік мекемеде қабылдау мәселелерін шешу үшін мекеме қабылдау комиссиясы ұйымдастырылады, ол 1 маусымнан кешікпестен жұмысын бастайды.

65. Мемлекеттік мекемеге азаматты оқуға қабылдау кезінде оны жә (немесе) оның ата-аналарын немесе олардың заңды өкілдерін міндетті түр Жарғымен, білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензиямен жә қабылдау тәртібі мен білім беру үдерісін ұйымдастыруды реттеуші басқа құжаттармен таныстырады.

66.Қабылдау емтихандарының (тестілеу немесе емтихан билеттері жә тапсырмалар бойынша) нысанын мемлекеттік мекеме белгілейды. Тесті тапсырмаларды (сұрақтарды) және пәндер бойынша емтихандарды бағал кезінде бірыңғай талаптарды сақтауды қамтамасыз ету және дау мәселелерді шешу, оқуға түсушілердің құқықтарын қорғау мақсаты кәсіпорында апелляциялық комиссия құрылады. Апелляция қойыл тестілік балмен келіспеген ретте тестілік балл жарияланған күні беріл тиісті.

67.Жеке меншік иесінің ауысуы не қайта ұйымдастырылуы (бірігуі, қосылуы, бөлінуі,бөлініп шығуы, қайта құрылуы) еңбек қатынасының әрекетін қысқартпайды.

68. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру:

1) біліктілігін арттыру қызметкерлердің қызметтік міндеті болып табылады. Олардың лауазымдық орын ауыстыру, еңбек ақысына тиісті мөлшер белгілеу біліктіліктерін арттыруларына және кәсіби даярлықтарының нәтижелеріне тікелей байланысты;

2) қызметкерлерге қосымша кәсіптік білім беру өзінің білімін жетілдіру, білім беретін мекемелерде білім алуды, кәсіпорындар мен ұйымдарда машықтанудан өтуді, тақырыптық және проблемалық семинарлар жұмыстарына қатысуды үйлестіру жолымен жүзеге асырылады;

3) қызметкелердің біліктілігін арттыру тұрақты негізде жүзеге асырылады. Қызметкерлердің біліктілігін арттырудан және қосымша кәсіптік білім алудан басқа түрлерінен өту кезеңділігін мемлекеттік мекеменің директоры белгілейды.

10. Еңбек және оған ақы төлеу

69. Мемлекеттік мекеменің қызметкерлерінің әкімшілікпен еңбек қатынасы Қазақстан Республикасы еңбек заңдылықтарымен және осы Жарғымен анықталады.

70. Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің еңбек ақы қоры Мекеме қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу тәртібін ретке келтіретін нормативтік құқықтық актілер негізінде жүзеге асады. Қызметтік окладтар, тарифтік ставкалар және қосымша ақы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлерін қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысына сәйкес анықталады.

71. Еңбек тәртібі еңбек заңдылықтарында қарастырылған кепілдіктер есебінен белгіленеді.

11. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

72. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады, және "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңға сәйкес аймақты тіркеу органдарында тіркеледі.

12. Мемлекеттік мекемені қайта құру мен тарату шарты

73. Мемлекеттік мекемені қайта құру немесе тарату Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен белгіленген тәртіпте жүзеге асады.

74. Қайта құру немесе тарату кезінде босатылған қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес құқықтарының сақталуына кепілдік беріледі.

13. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

75. Мемлекеттік мекемеде филиалдар мен өкілдіктер жоқ.

«Актобе облысының білім басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің
«Ембі қызмет көрсету саласы колледжі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
директоры Жангазиев Н.А.

Тігілген және нөмірленген
12 (он екі) бет «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ембі қызмет көрсету саласы колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры

Н.А.Жангазиев